Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады

TORAIGHYROV UNIVERSITY

ВЕСТНИК ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2026)
Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО
О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ30VPY00029268
выдано
Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

https://doi.org/10.48081/BGQF1973

Бас редакторы – главный редактор
Жусупов Н. К.
д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора — Анесова А. Ж., *доктор PhD*
Ответственный секретарь — Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*
Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*
Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*
Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*
Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*
Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*
Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*
Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*
Искакова З. С., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

ҒТАМР 16.21.41

https://doi.org/10.48081/BGQF1986

Қ. С. Қалыбаева[1], А. О. Тымбол[2]
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
[1]ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6821-3879
[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-4757-2618
*e-mail: altyntymbolova@gmail.com

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҒЫЛЫМ ТІЛІ РЕТІНДЕГІ ДАҒДАРЫСЫ: АҚЫМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ТӘЖІРИБЕСІН ЖАҢҒЫРТУ АСПЕКТІЛЕРІ

Мақалада қазақ тілінің қазіргі кезеңдегі ғылым тілі ретіндегі дағдарысқа ұшырауы қазақ орфографиясын кодификациялау қайшылықтары тұрғысынан қарастырылады. Ғылыми дискурста қазақ тілінің шектеулі қолданылу себептері тарихи, теориялық және әдіснамалық факторлармен байланыста зерделенеді. Ақымет Байтұрсынұлы қалыптастырған жазу теориясы, терминжасам қағидалары мен ғылыми стиль моделінің қазіргі тіл саясаты мен академиялық коммуникация үшін өзектілігін анықтау көзделеді. Қазақ тілінің ғылым тілі ретінде әлсіреуі тілдің ішкі әлеуетімен емес, ұлттық ғылыми модельден ауытқумен байланыстырылады. Бұл арадағы басты қиындықтардың бірі – қазақ орфографиясының тұрақсыздығы мен тілдік нормалардың бірізді болмауы. Өйткені әлемдік ғылыми коммуникация ағылшын тілінде жүргізіліп, сол тілде қалыптасуда. Сондықтан мақалада А. Байтұрсынұлының орфографиялық және терминологиялық тәжірибесі зерттеліп, қазіргі ғылыми тілдің қалыптасуы үшін маңызды әдіснамалық негіз ретінде бағаланады. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, Байтұрсынұлы қағидаларын қазіргі жазу реформасына орай жаңғырту ғылыми мәтіндерді жүйелеуге, ұлттық терминологиялық саясатта бірізділікті сақтауға және қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі беделін арттыруға мүмкіндік береді. Ғалымның ұстанымы ұлттық тілдің ғылыми әлеуетін күшейтуде

практикалық және стратегиялық маңызды тетік бала алатындығы көрсетіледі.

Кілтті сөздер: қазақ ғылыми тілі, жазу теориясы, орфография, тілдік норма, Ақымет Байтұрсынұлы, ұлттық терминология, ғылыми дискурс.

Кіріспе

Қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі дағдарысы орфография, терминология және стиль мәселелерімен байланыстырылады. Солардың ішінде орфография – ғылыми тілдің негізі, өйткені жазудың жүйесіздігі ғылыми ойды жеткізуге кедергі келтіреді. Қазіргі жаһандану дәуірінде тілдер халықаралық ғылым мен білім саласында жаңа қиындықтарға тап болуда. Әлемдік ғылыми коммуникация негізінен ағылшын тілінде жүргізіліп, жаңа ғылыми терминдер мен концепциялар көбінесе сол тілде қалыптасуда. Бұл үдеріс көптеген тілдердің, соның ішінде қазақ тілінің ғылыми әлеуетіне де тікелей әсер етуде. Мысалы, зерттеушілердің пікірінше: «Появление англоязычных заимствований обусловлено возникновением новых явлений, для которых другой язык не успевает выработать собственные термины» [1, 45-б.]. Яғни жаңа ғылыми құбылыстар мен терминдер пайда болған кезде, көптеген тілдер өздерінің ұлттық ғылыми лексикасын жылдам қалыптастыра алмай, ағылшын тілінен алуға мәжбүр болады. Қазақ тілінің жағдайында бұл процесс Кеңестік кезеңде басталған. Сол кезеңдегі саясат бойынша барлық ұлттық тілдер орыс орфографиясына бейімделді де бұл тілдің ғылыми қабатының табиғи қалыптасуына кедергі болды. Қазақ орфографиясындағы 1940, 1957 және 1983 жылдардағы реформалар қазақ тілінің орфографиялық жүйесін ресейлік стандарттарға бейімдеуге бағытталды, ал бұл өз кезегінде тілдің кодификациясы дағдарысын тудырды. Осы ережелердегі орыс тілі орфографиясына бейімделген баптардың біртіндеп кодификациялануы нәтижесінде қазақ тілінің ғылыми коммуникациядағы әлеуеті қиындықтарға тап болды. Терминдер мен орыс кірме сөздерін түпнұсқада жазу міндеті тілдің табиғи эволюциясына кедергі жасап, ғылыми мәтіндерде бірізділікті бұзды. Қазіргі ұлттық терминологиядағы бірізділіктің жоқтығы, ғылыми мәтіндердің түсініктілігінің төмендеуі және ұлттық тілдің ғылыми беделінің азаюы – осы дағдарыстың көрінісі болып отыр.

Осы тұрғыдан алғанда қазақ тілінің ғылыми әлеуетін қайтадан қалпына келтіру үшін тәжірибелік және идеологиялық кодификация қажет. Әсіресе қазіргі жаһандық ағылшын тіліне бейімделу жағдайында ұлттық тілдің ғылыми әлеуетін сақтап қалу үшін жаңа терминдерді ұлттық тілдік құрылым мен кодификация қағидаларына сәйкестендіру аса маңызды болып отыр. Ғылым тілі – тек терминдер жиынтығы емес, ол жазу, ойлау және дискурс

бірлігі. Сондықтан да Ақымет Байтұрсынұлы осы үштағанды біртұтас жүйе ретінде қарастырды [2: 2022]. Ал қазіргі тілдік тәжірибеде жазу реформасы, терминология және ғылыми стиль бір-бірінен бөлек, кейде бір-біріне қайшы бағытта дамып отыр. Бұл жолда А.Байтұрсынұлының тәжірибесі мен қазақ тіліндегі орфография мен терминологияны ұлттық логикасына сәйкес жүйелеу ісі дәл осы мәселені шешуге бағытталғандығын ескеруіміз қажет. Яғни бүгінде қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі әлеуетін арттырамыз десек, біз ең алдымен қазақ орфографиясын қайта бағамдауымыз қажет. Осы бағыттағы Ақымет Байтұрсынұлының тілтанымдық тәжірибесін қазіргі ғылыми талаптарға сай қайта зерделеуіміз қажет.

Материалдары мен әдістері

Мақалада сипаттамалы-талдамалы әдіс, салыстырмалы талдау және ғылыми деректерді жүйелеу тәсілдері қолданылды. Негізгі дереккөздер ретінде Ақымет Байтұрсынұлының орфография, терминология және тіл нормасы бойынша еңбектері, орыс және қазақ ғалымдарының осы саладағы зерттеулері, орфографиялық сөздіктер, емле ережелерінің жинақтары мен бірқатар архив материалдары пайдаланылды.

Нәтижелер ме талқылау

Тілдің ғылым тілі ретіндегі дамуы оның қызметтік әлеуетінің өсуін көрсететін ең ірі фактор. Тілдің функционалдық даму деңгейі оның өміршеңдік дәрежесін айқындайтын негізгі параметрлердің бірі болып табылады [3, 65-б.]. Тілдің мұндай әлеуеттік қызметін өркендету көбіне тілді нормаландыруға тікелей әсер ететін жазу қағидаларымен байланысты болып келеді. Бұл бағытта тіл білімінің терминология және орфография салаларының рөлі ерекше. Өйткені тілдің орфографиясы мен терминологиясы өзара тығыз әрі ажырамас байланыста дамитын жүйелер болып табылады. Орфография терминдердің жазылу үлгісін, графикалық тұрақтылығын қамтамасыз етсе, терминология ғылыми ұғымдарды ұлттық тілдің ішкі заңдылықтарына сай атауға мүмкіндік береді. Қазақ орфографиясының ұзақ уақыт бойы орыс тілінің графикалық және орфографиялық стандарттарына бейімделуі бұл екі саланың табиғи сабақтастығын әлсіретті. Соның салдарынан қазақ терминологиясы ұлттық фонетикалық, морфологиялық және сөзжасамдық жүйеден алшақтап, дайын үлгілерді механикалық көшіруге тәуелді болды. Бұл жағдай қазақ тілінің ғылыми мәтіндерде еркін қолданылуына, терминдердің игерілуіне және бірізді қалыптасуына кедергі келтірді. Нәтижесінде қазақ тілі ғылым тілі ретінде ішкі әлеуетін толық іске асыра алмай, функционалдық тұрғыдан шектелді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ орфографиясының ұлттық тілдік модельге негізделмей, өзге тілдік стандарттарға тәуелді болуы ғылыми тілдің дамуын тежеген негізгі факторлардың бірі ретінде саналуға тиіс. Академиялық тұрғыдан бұл

құбылысты тілдің кодификациясы дағдарысының айқын көрінісі ретінде атауға болады. Қазақ тілінің ғылым тілі ретінде қалыптаса алмауының басты себептерінің бірі осы айтылған кодификациялық даму жолының ұлттық тілдік логикадан ауытқуымен тікелей байланысты. Себебі кодификацияның негізгі міндеті – тілдік нормаларды сол тілдің ішкі құрылымына сүйене отырып жүйелеу болса, қазақ тілінде бұл үдеріс сыртқы идеологиялық ықпалмен жүзеге асырылды. Мұндай жағдайда тілдің ғылым тілі ретінде табиғи дамуы тежеліп, оның ғылыми коммуникациядағы қызметі шектеледі.

Осы мәселелерді тілдік идеология контексінде қарастырсақ, әлемдік тілтанудағы тәжірибелерде де осыған ұқсас тенденциялар жеткілікті екенін байқаймыз. Мұндай құбылыс кірме сөздердің белгілі бір мезеттерде тілге қаптап енген кезінде орын алады. Мысалы, орыс тілінің кірме сөздерді өзгертіп қабылдау әлеуеті өте жоғары сақталғанына қарамастан XXI ғасырда жағдай өзгерді [4, 31-б.]. Демек, ағылшын сөздерінің орыс лексикасына жаппай «қаптау» сипаты бұл тілде де кірме сөздерді белгілі бір дәрежеде бейімделу тетіктерінен айырып, тілдік тұрақсыздық белгілерін туындатып жатқанын зерттеулерден байқаймыз.

Сондай-ақ қытай тіліндегі алғашқы ежелгі сөздіктер – «Эря», «Шимин», «Фанъян» және «Шувэнь» – тек иероглифтердің түпнұсқа мағыналарын ашуға ғана емес, сонымен бірге кодификация құралдары мен формаларын таңдау арқылы тілдік идеологияны көрсетуге бағытталған еді [5, 55-б.]. Бұл зерттеулерден кодификацияның формалары мен материалды таңдауы тілдік ойлау мен мәдени құндылықтарға тікелей тәуелді екенін көреміз. Керісінше, сыртқы ережелерді немесе басқа тілдік жүйелерді мәжбүрлі енгізу тілдің табиғи дамуына кедергі келтіруі мүмкін. Қазақ тілінің тарихында да осыған ұқсас жағдай орын алды. Кодификация формалары мен орфографияны орыс тілінің логикасына сүйене отырып енгізу тілдің даму үдерісінде дағдарыс тудырды. Сонымен қатар, кірме сөздерді түпнұсқада жазу қағидасы қазақ тілінің фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктерін ескермеуі арқылы, орыс тілінің кодификациялық логикасын үстем етті. Нәтижесінде, тілдің ұлттық нормаларын қалыптастыру мен тұрақтандыру процесі қиындықтарға ұшырады. Бұл ретте Шерубай Құрманбайұлы [6: 2019] атап өткендей, қазақ тілінің ғылыми тіл ретінде дамуы, әсіресе терминологиялық тұрғыдан, тарихи кезеңдердің әртүрлілігі мен нормаларды қалыптастырудың жеткіліксіздігімен байланысты. Бұл ауытқудың тарихи негізі тереңде жатыр. Ғалым атап көрсетіп отырған бұл тарихи кезеңдердің бүгінгі ұлттық ғылым тіліне әкелген залалы өлшеусіз болып отыр.

Өткенге назар аударсақ, 1929 жылғы қазақ орфография ережелері Ақымет Байтұрсынұлы қалыптастырған жазу теориясына негізделген, ұлттық тілдің ішкі заңдылықтарын толық сақтаған шынайы ұлттық жазу

үлгісі болғанын көреміз. Бұл ереже қазақ тілінің фонетикалық жүйесіне, сингармонизм заңына және сөзжасамдық мүмкіндіктеріне сүйене отырып, ұлттық терминологияның қалыптасуына берік негіз қалаған еді. Алайда 1933 жылдан бастап аталған ереже «қолайсыз» деген айыпқа ілігіп, оның ғылыми және практикалық құндылығы саяси-идеологиялық себептермен қайта қарастырыла бастады [7, 311-б]. Дәл осы кезеңде Кеңес Одағында орыс тілінің қоғамдық-саяси рөлі күшейіп, ұлттық тілдердің орфографиясын орыс жазу жүйесімен біріздендіру идеясы алдыңғы қатарға шықты. Соның нәтижесінде қазақ тілші ғалымдары арасында қазақ орфографиясын орыс орфографиясына бейімдеу жөніндегі жобалар жаппай ұсыныла бастады. Әсіресе Қ. Жұбановтың еңбектерінде кірме сөздер мен терминдерді орыс тіліндегі түпнұсқалық жазылуын сақтау қажеттігі жиі көтерілді. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін қазақ тіліндегі сингармонизмнің негізгі тіректерінің бірі болып саналатын И мен У дыбыстарын дауысты емес, дауыссыз деп тану қажеттігі алға қойылды. Бұл мәселеде архивте сақталған Жұбанов ұсынған қазақ орфографиясының жобасы ерекше роль атқарды [8, 2-6-бб.]. Дәл осы жобадағы шешім қазақ тілінің кейінгі емле ережелеріне негіз болып, термин сөздерді орыс орфографиясына сәйкес жазудың тілдік алғышартын қалыптастырды. Осы 1929 жылғы ұлттық жазу үлгісінен бас тарту қазақ тілінің ғылыми-терминологиялық дамуына ұзақ мерзімді кері әсер еткен бетбұрыс кезең ретінде бағалануы тиіс. 1938 жылы қабылданған қазақ орфографиясы ережелерінде И және У дыбыстарының орыс тілі үлгісінде жалаң жазылуының қаулы арқылы бекітілуі қазақ жазу жүйесінің дамуына түбегейлі ықпал етті [9: 2012].

Бұл шешім қазақ тілінің фонетикалық табиғатына емес, орыс орфографиясының графикалық моделіне сүйенуді заңдастырды. Нәтижесінде қазақ жазуындағы дыбыс пен әріп арасындағы табиғи сәйкестік бұзылып, жазу жүйесі біртіндеп өзге тілдік стандарттарға тәуелділік пайда болды. Аталған қаулы терминологиялық лексиканы орыс орфографиясы бойынша жазудың нормативтік негізін қалыптастырды, яғни ғылыми және техникалық терминдерді фонетикалық бейімдеусіз қабылдауға жол ашты. Бұл өз кезегінде қазақ тілінің сөзжасамдық және терминжасамдық мүмкіндіктерін шектеп, ұлттық ғылыми тіл моделінің қалыптасуын тежеді. Осылайша 1938 жылғы орфографиялық шешім тек графикалық өзгеріс қана емес, қазақ тілінің ғылым тілі ретінде дамуына ұзақ мерзімді жүйелік әсер еткен фактор ретінде бағалануға тиіс.

Ал 1940 жылы қабылданған қазақ орфографиясы ережелерінің баптары қазақ жазу жүйесін орыс тілінің орфографиялық стандарттарына түбегейлі бұруды заңдастырды [10: 1940]. Бұл кезеңде жазудың негізгі қағидалары қазақ тілінің ішкі фонетикалық және морфологиялық заңдылықтарына емес,

орыс графикасы мен орфографиясының нормаларына сәйкестендірілді. Соның нәтижесінде кірме сөздер мен ғылыми терминдерді ұлттық тілдің дыбыстық жүйесіне бейімдеу принципі екінші қатарға ығыстырылып, олардың орыс тіліндегі жазылуын сақтау басым нормаға айналды. Мұндай бағыт қазақ жазуындағы ұлттық ерекшеліктерді әлсіретіп, орфография мен терминологияның табиғи сабақтастығын үзді. Ақырында, қазақ тілі ғылыми дискурста өзіне тән жазба моделін қалыптастыру мүмкіндігінен айырылып, ғылым тілі ретінде дамуы институционалдық тұрғыдан тежелді. Осы тұрғыдан алғанда, 1940 жылғы орфографиялық ережелер қазақ жазуын ұлттық негізден алыстатып, оны өзге тілдік стандартқа тәуелді еткен шешуші кезең ретінде көрсетілуі тиіс.

Аталған кезеңде қазақ тілі орыс орфографиялық жүйесіне бейімделіп, кірме сөздер мен ғылыми терминдерді түпнұсқада жазу қағидасы нормативтік деңгейде бекітілді. Нәтижесінде қазақ тілінің фонетикалық, морфологиялық және сөзжасамдық жүйесіне сәйкес келмейтін жазу үлгілері орнықты. Осылайша қазақ тілінің ғылым тілі ретінде қалыптасуындағы ең күрделі әрі жүйелі кедергі болған орыс тілінен енген сөздер мен терминдерді түпнұсқада, яғни орыс орфографиясына сәйкес жазу қағидасы қазақ орфографиялық жүйесіне енгізіледі. Осы 1938 жылғы қаулыдан бастау алған жазу үлгісі 1940 жылғы кирилл әліпбиіне көшу үдерісімен жалғасын тауып, кейінгі 1957 және 1983 жылдардағы орфографиялық ережелерде жүйелі түрде дамытылып бүгінгі нормативтік деңгейге жеткізілді. Нәтижесінде қазақ тілінің жазу жүйесінде тілдің ішкі заңдылықтарына сәйкес келмейтін, сыртқы графикалық және фонологиялық модельдер орнығып қазақ тілінің ғылым тілі ретінде дамитын тілдік механизімін біржолата әлсіретті.

Аталған орфографиялық ережелердің енгізілуі ең алдымен қазақ тілінің жазудағы фонетикалық принципін елеулі түрде әлсіретті. Қазақ тілінің дәстүрлі орфографиясы дыбыстық үндестікке, буын құрылымының тұтастығына және артикуляциялық жеңілдікті сақтауға негізделген болса, кірме сөздерді, әсіресе орыс тілінен енген атауларды түпнұсқалық жазылуында беру бұл табиғи жүйені бұзды. Нәтижесінде қазақ тілінің фонологиялық жүйесіне жат дыбыс тіркестері мен әріптер жазба тілде орнығып, тілдің ішкі дыбыстық заңдылықтары екінші қатарға ығыстырылды. Бұл құбылыс қазақ тілінің кірме сөздерді фонетикалық тұрғыдан игеріп, ұлттық тілдік жүйеге сіңіру қабілетін әлсіретті. Яғни қазақ тілінің шеттен енген лексиканы «жұтып қоятын» табиғи тілдік механизмі жойылып, жазба тілде өзге тілдік үлгілерді сол күйінде сақтауға бейім бағыт қалыптасты. Соның салдарынан *біріншіден,* қазақ орфографиясы мен терминологиясы арасындағы органикалық байланыс үзіліп, қазақ тілінің ғылым тілі ретінде дамуына кедергі келтіретін құрылымдық шектеулер орнықты. *Екіншіден,*

түпнұсқалық жазылым морфологиялық тұтастыққа нұқсан келтірді. Қазақ тілінде түбір мен қосымшаның айқын жігі сақталуы тілдің аналитикалық және агглютинативтік табиғатының негізі болып табылады. Алайда орыс тілінен енген сөздердің түпнұсқада жазылуы қосымшалардың жалғануында тұрақсыздық тудырды, морфологиялық шекаралардың көмескіленуіне әкелді. Бұл ғылыми мәтіндерде терминдердің әртүрлі нұсқада жазылуына және бірізділіктің болмауына себеп болды. *Үшіншіден,* бұл қағида қазақ тілінің дербес терминжасам жүйесінің қалыптасуын тежеді. Ғылыми тілдің дамуы терминдерді тек қабылдау арқылы емес, оларды тілдің ішкі мүмкіндіктері арқылы жасауымен өлшенеді. Ал орыс терминдерін түпнұсқада сақтау практикасы қазақ тілінде балама терминдер қалыптастыру қажеттілігін шетке ысырып, аударма және калька тәсілін басым етті. Нәтижесінде қазақ тілі ғылыми ұғымдарды концептуализациялаушы тілден гөрі, тасымалдаушы тіл қызметін атқарды. Төртіншіден, бұл үрдіс тілдік идеологияның өзгеруін көрсетті. Кодификацияның мұндай бағыты қазақ тілін дербес ғылым тілі ретінде емес, үстем тілге тәуелді қосалқы жүйе ретінде қабылдауға негізделді. Бұл жағдай тілдің ғылыми беделіне де әсер етті. Қазақ тіліндегі ғылыми мәтіндер екінші дәрежелі, көмекші немесе аударма сипаттағы өнім ретінде бағаланды. Бесіншіден, бұл үрдіс қазақ тілінің ғылыми стиль қалыптастыру мүмкіндігін шектеді. Ғылыми тіл тек терминдердің жиынтығы емес, ол – ұлттық тілдің орфографиялық, морфологиялық және синтаксистік нормаларына сүйенген тұтас жүйе. Ал орфография өзге тілдік стандартқа тәуелді болған жағдайда, ғылыми стиль де сол тілдің моделіне икемделеді. Соның салдарынан қазақ тілі ғылым тілі ретінде дербес жазба модель қалыптастыра алмай, аударма тіл деңгейінде қалып қойды.

Осы тұрғыда В. А. Андронов мақаласында келтірілген Р. О. Шоррдың ұлттық әліпбилерді қалыптастыруда ресейлік графикалық ойлау дағдыларын көшіруден сақтандыруы ерекше мәнге ие. Оның пікірінше, бір тілдің тарихи қалыптасқан жазу формулаларын басқа тілдерге әмбебап үлгі ретінде қолдану тілдің табиғи дамуын бұзады [11, 256-б.]. Қазақ тілінің орфографиялық тәжірибесі бұл ескертудің ғылыми негізді екенін дәлелдейді. 1929 жылғы қазақ орфографиясы ережелері ұлттық тілдің ғылыми әлеуетін дамытуға толық мүмкіндік беретін шынайы ұлттық негізді ұсынды. Сол ереже қазақ тілінің фонетикалық, морфологиялық және жазба жүйесін үйлестіріп, ұлттық терминологияның қалыптасуына берік фундамент қалады. Алайда 1930–1940 жылдардан бастап орфографияны орыс стандарттарына бейімдеу ұлттық жазу моделін бұзды және сол кезеңнен бастап қазақ тілінің ғылым тілі ретінде дамуы толық тоқтап, аралық жылдар ұлттық ғылым тілінің дамуындағы «бос кеңістікке» айналды. Яғни тілдің ғылыми потенциалы мен терминологиялық жүйесі қалыптаспай, ұлттық ғылыми модельдің үзігі жоғалып

кетті. Тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық терминологияны дамытуға жасалып жатқан қазіргі ұмтылыстарға қарамастан, арадағы ұзақ үзіліс әлі де тосқауыл болып тұр. Ұлттық жазу мен орфографияның тұрақтылығы болмағандықтан, ғылым тілі ретінде дербес жүйе қалыптастыру қиындық туғызуда.

Осы тығырықтан шығудың басты жолы – қазақ орфографиясын ұлттық негізде қайта қалыптастыру, Ақымет Байтұрсынұлының жазу теориясы, терминжасам қағидалары мен ғылыми стиль тәжірибесін жаңғыртуда жатыр. Бұл тәсіл ұлттық тілдің ғылыми әлеуетін қалпына келтіріп, терминологиялық бірізділікті қамтамасыз етіп, қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі дербестігін нығайтуға мүмкіндік береді. А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің жазу жүйесін қалыптастыруда орфографияны тек техникалық құрал ретінде емес, тілдің болашақ тағдырын айқындайтын ғылыми-идеологиялық негіз ретінде қарастырды. Оның әліпби мен емле жөніндегі еңбектерінде кейінгі кеңестік кезеңде орын алған кодификациялық қателіктердің алдын ала ескертілгенін байқауға болады [12], [13].

Байтұрсынұлының басты қағидасы – жазу тілдің табиғатына қызмет етуі тиіс деген ұстаным. Ол дыбыс пен әріптің сәйкестігі, тілдің фонетикалық жүйесі, морфологиялық тұтастық сияқты принциптерді қатаң сақтауды талап етті. Орыс сөздерін түпнұсқада жазу, қазақ тіліне тән емес дыбыстарды әліпбиге енгізу – дәл Байтұрсынұлы сақтандырған қателіктердің көрінісі. Ғалым өз еңбектерінде басқа тілдің жазу үлгісін дайын қалып ретінде көшірудің қауіпті екенін бірнеше рет атап өтеді. Ол әліпби белгілі бір тілдің тарихи даму жолымен, дыбыстық жүйесімен, ойлау ерекшелігімен тығыз байланысты екенін көрсетті. Бұл көзқарас қазіргі тілтанудағы тілдік идеология және кодификация теориясымен толық үндеседі. Бұл қағида кейін кеңестік кезеңде жүзеге асырылған кирилл графикасына негізделген реформалар барысында ескерілмеді. Нәтижесінде қазақ тілінде ғылыми мәтіндерде орфографиялық ала-құлалық, терминологиялық тұрақсыздық және морфологиялық сәйкессіздік күшейді.

А. Байтұрсынұлы алдын ала болжаған тағы бір маңызды мәселе – тілдің дербес терминжасам қабілетінің әлсіреуі. Ол ұлттық тілдің ғылым тілі ретінде дамуы үшін ғылыми ұғымдарды сол тілдің ішкі ресурстары арқылы атау қажет екенін көрсетті. Ал орыс тіліндегі терминдерді түпнұсқада сақтау практикасы қазақ тілінде балама термин жасау үдерісін тежеп, аударма және калька тәсілін басым етті. Бұл жағдай қазақ тілін ғылыми ұғымдарды қалыптастыратын тілден гөрі, дайын ұғымдарды тасымалдаушы тіл деңгейінде қалдырды. Бұл үрдіс тілдік идеологияның өзгеруімен де тікелей байланысты. Ғалым тілдік кодификация ұлттық санамен, мәдени болмыспен тығыз байланысты екенін түсінді. Ал кеңестік кезеңде қазақ тілінің кодификациясы ұлттық тілге басымдық беретін идеологияға емес, үстем тілдің нормаларына негізделді.

Мұндай идеологиялық бағдар тілдің ғылым тілі ретіндегі беделіне кері әсер етіп, қазақ тіліндегі ғылыми дискурстың дамуын шектеді. Бұл тығырықтан шығуда Ақымет Байтұрсынұлының ұстанымдары қазақ тілінің ғылым тілі ретінде қалыптаса алмауының себептерін түсіндіруде теориялық әрі әдіснамалық негіз бола алатыны жайлы терминтанушы ғалым Ш.Құрманбайұлы өте орынды атап көрсетеді: «Ахмет Байтұрсынұлы дәуіріндегі терминологияны жасаудың әдістемелік негіздері мен ұлттық термин қорын кеңейту жолдары XX ғасыр басындағы ғылыми тіл қалыптастыру тәжірибесінің маңызды құрамдас бөлігі болды» [14, 50–65-бб.].

Ұлт ұстазының еңбектері қазақ тіліндегі қазіргі кодификация дағдарысын еңсерудің жолдарын көрсетуімен де құнды. Ұлттық тілдік логикаға сүйенген, фонетикалық және морфологиялық заңдылықтарды ескеретін кодификациялық модель ғана қазақ тілінің ғылым тілі ретінде толыққанды дамуына мүмкіндік береді. Ақымет Байтұрсынұлы жазуды тіл табиғатына сай қалыптастыруды мақсат етті. Ол жеңілдік, түсініктілік және бірізділік қағидаларын ұсынды. Орфография тек техникалық құрал емес, ғылыми ойды дәл жеткізудің негізгі құралы ретінде қарастырылды. Ғалымның орфографияға қатысты ұстанымы терминология мәселесіне де қатысты болды. Ол кірме сөздерді қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына бейімдеп жазуды ұсынды. Себебі ол кірме сөздердің түпнұсқада жазылуы тілдің ішкі жүйесін бұзатынын, сөзжасам мен қосымшалардың жалғануын қиындататынын жақсы түсінді. Бұл – кейінгі кезеңде қазақ тілінің ғылыми терминологиясында орын алған тұрақсыздықтың алдын ала айтылған ғылыми болжамы. Ғалым тілдің нормаларын сыртқы идеологиялық факторларға тәуелді ету оның ғылым тілі ретінде дамуын тежейтінін дәл болжады. Сондықтан Байтұрсынұлы еңбектерін қазақ тіліндегі кодификация дағдарысын алдын ала ғылыми түрде диагностикалаған тұжырымдамалық жүйе ретінде бағалауға болады. Ақымет Байтұрсынұлы дәуіріне тән терминологиялық ізденістер қазақ тілінің ғылыми тілге айналуында шешуші рөл атқарғандығы, бұл дәстүр кейіннен XX ғасырдағы терминология теориясына негіз болғандығы зерттеушілер еңбегінде дұрыс айтылып жүр [14, 108-б].

Ұлттық орфография түзудегі реформатор ғалымның ұстанымдарын басқа түркі халықтары да мүмкіндігінше пайдаланып отыр. Бұл тұста біз саха (якут) халқының қазіргі жасап жатқан орфографиялық реформаларынан да үлгі алуымыз қажет-ақ. Ақымет тәжірибесімен үндескен бұл реформаларды біз қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі беделін көтеруде маңызды әдіснамалық негіз ретінде үлгі етуімізге болады. Мысалы, якут тіл білімінде 1980–1990 жылдары тіл саясатының либерализациясымен және ұлттық тілдің мәртебесін арттыру қажеттігімен байланысты якут тілші ғалымдары өз жазу жүйесін қайта қарауға кірісті. Бұл жолда олар жазудағы фонетикалық принципті қайта қалыптастыруға талаптануда. Сол мақсатта 2012 жылы уақытша жарияланған сөздіктер қазіргі

якут орфографиясының қалыптасу процесінің бастапқы кезеңі болды. Бұл кезеңде негізгі мақсат – кірме сөздердің жазылуын, ғылыми және қоғамдық терминдерді ұлттық фонетикаға сәйкес жүйелеу еді. Сөздіктерде әрбір кірме сөз үшін доминантты жазылу нұсқасы анықталып, тілде кең тараған нұсқалар негізге алынды. Бұл кірме сөздерді өз тіліне бейімдеудің ұлттық механизімін қалыптастыруға деген талпыныс кезеңі болатын. Ал 2020 жылдан бастап якут ғалымдары кірме сөздерді игеру мен терминологияны біріздендіру мақсатында бірнеше маңызды реформалық өзгерістер енгізді.

Ең бастысы, орфографияға үш түрлі жазу нормасы енгізіліп бекітілді:

Түпнұсқалық норма бойынша халықаралық, ғылыми-техникалық және қоғамдық-саяси терминдердің түпнұсқалық жазылуы сақталады. Мысалы, «неолит», «гроссмейстер», «полиграфия» сияқты сөздер фонетикалық бейімдеусіз, орыс немесе халықаралық графикасы бойынша жазылады. Екінші якут тіліне фонетикалық бейімделген норма бекітілді. Ол бойынша бірқатар кірме сөздер якут тілінің дыбыстық және морфологиялық жүйесіне сәйкестендіріліп «академик» сөзі «акадьыамык», «банкет» – «баҥкыат» сияқты фонетикалық үлгіде жазылады. Үшінші аралас норма (қос нұсқа), яғни белгілі бір сөздер үшін екі нұсқа – түпнұсқалық және фонетикалық бейімделген – қатар қабылданады. Мұндай тәсіл тілдің қабылдау қабілеті мен дәстүрлі жазу тәжірибесін ескереді, ал уақыт өте келе доминантты нұсқа бекітіледі деп көзделуде. Яғни, жаңа немесе сирек қолданылатын кірме сөздер бастапқыда екі нұсқада ұсынылады, кейін кең таралған нұсқа стандартқа айналады [15, 4-48-бб.].

Біздіңше, бұл якут тілінің орфографиялық реформалық тәжірибесі – қазақ тілінің ғылым тілі ретінде ұлттық ғылыми тілге айналу үдерісінде кездесетін қиындықтарды жүйелі түрде шешуде өте ұтымды үлгі болып табылар еді. Бұл тәжірибе көрсеткендей, кірме сөздерді ұлттық фонетикалық және морфологиялық принциптерге сәйкес бейімдеу, терминологиялық бірізділіктіқамтамасыз ету және жазба тілдің тұрақтылығын сақтау арқылы тілдің ғылыми әлеуетін табиғи түрде нығайтуға болады. Осы тұрғыдан алғанда, якут реформасы қазақ тілінің ғылым тілі ретінде дербестігін қалпына келтіру және ұлттық жазу жүйесін қайта қалыптастыру ісінде практикалық және стратегиялық маңызды үлгі ретінде қолдануға болады деп ойлаймыз.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала 2025-2027 жылдарға арналған ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын AP26104175 гранттық жоба аясында әзірленді.

Қорытынды

Қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі қазіргі дағдарысы оның ішкі әлеуетінің әлсіздігінен емес, тарихи қалыптасқан теориялық және әдіснамалық ауытқулардан туындап отыр. Қазақ тілінің ғылым тілі ретінде қалыптасуының

басты бөгеті тарихи үзілістер мен ұлттық орфографиялық модельдің әлсіреуінде жатыр. Қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамыту үшін қолданыстағы емле ережелерін сыни тұрғыдан қайта қарап, ұлттық тілдік логикаға негізделген кодификациялық модельге көшуіміз қажет. Тәуелсіздік жылдарындағы ұлттық терминологияны қалыптастыруға жасалған ұмтылыстар да тарихи үзілістің салдарынан толық нәтижеге жете алмай отыруының себебі де осында жатыр. Сондықтан қазақ тілін ғылым тіліне айналдыруда ең алдымен орфографиядағы күрделі қайшылықтарды шешіп алуымыз қажет. Осы жағдайда якут тіліндегі тәжірибе қазақ тілінің ұлттық ғылыми тілге өту процесі үшін маңызды үлгі болып табылады. Якут ғалымдары кірме сөздер мен терминдерді ұлттық фонетикалық және морфологиялық принциптерге сүйене отырып игеру жолдарын енгізді, бұл тілдің ғылыми әлеуетін біртіндеп және әлеуметтік тұрғыдан ауыртпалықсыз нығайтуға мүмкіндік берді. Сондықтан қазақ тілінде де ұлттық орфографияны тұрақтандыру, терминологиялық бірізділікті қамтамасыз ету және кірме сөздерді тиімді бейімдеу үшін орфографиялық реформаны жүргізу қажеттілігі туындап отыр. Бұл жолда Ақымет Байтұрсынұлының жазу теориясы, терминжасам қағидалары мен ғылыми стиль моделін қазіргі тілдік ахуалмен ұштастыру – қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі дербестігін қалпына келтірудің стратегиялық жолы болып табылады деп ойлаймыз.

Қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі дағдарысы негізінен орфографиялық нормалардың тұрақсыздығымен байланысты. Бірізділік пен жүйелілік қағидаларын қолдану қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі беделін арттыруға мүмкіндік береді. Қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі қазіргі дағдарысы оның ішкі әлеуетінің әлсіздігінен емес, тарихи қалыптасқан теориялық және әдіснамалық ауытқулардан туындап отыр.

Бұл орайда қазақ тіл білімінің атасы атанған Ақымет Байтұрсынұлының тәжірибесі қазіргі ұлттық ғылым тілін дамытуда маңызды ғылыми негіз бола алады. Ол қалыптастырған ұлттық ғылым тілі моделі қазақ тілінің ғылыми дискурста толыққанды қызмет етуіне мүмкіндік берген жүйе болды. Сондықтан ғалым тәжірибесін қазіргі жазу реформасы, терминологиялық саясат және ғылыми коммуникация саласында қайта қарастыру – қазақ тілін ғылым тілі деңгейіне көтерудің маңызды шарты болмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Опарина, Е. О.** Сосуществование языков в условиях глобализации [Текст]. // Социальные и гуманитарные науки. Отечественная и зарубежная литература. Серия 6. Языкознание, 2020. № 2. – С. 44–50. – [Электронный ресурс]. – URL: https://www.elibrary.ru/item.asp? id=42854769

2 **Байтұрсынұлы, А.** Таңдамалы шығармалары. 3-том. [Текст]. – Алматы, 2022. – 768-б.

3 **Кондрашкина, Е. А.** Проблемы витальности языков народов Российской Федерации в прошлом и настоящем [Текст]. // Научный диалог, 2020. – № 5. – С. 63-77. – https://doi.org/10.24224/2227-1295-2020-5-63-77

4 **Литневская, Е. И.** О языковой норме, письменной речи и проблемах её кодификации в начале XXI века [Текст]. // Мир русского слова №1/2018. – https://cyberleninka.ru/article/n/o-yazykovoy-norme-pismennoy-rechi-i-problemah-ee-kodifikatsii-v-nachale-xxi-veka

5 **Kostanda, I. O.** Descriptions and prescriptions in the Chinese Wenyan and Baihua codification tradition [Текст]. // – Skhodoznavstvo. 2023. –Т. 24. – № 1. – С. 45–60. –URL: https://skhodoznavstvo.org.ua/index.php/journal/article/download/280/274

6 Құрманбайұлы, Ш. Қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамытуымыз қажет [Текст]. // ҚазАқпарат, 2019. – https://kaz.inform.kz/news/kazak-tilin-gylym-tili-retinde-damytuymyz-kazhet-sherubay kurmanbayuly_a3516125

7 **Васильев, А. Д.** Аэроплан «Октябрьский алфавит» [Текст]. – Астана : «Ғылым» баспасы, 2016. – 682 с.

8 Қазақстан Республикасы мемлекеттік архиві. Проекты изменений орфографий казахского литературного языка [Текст]. Фонд 81, опись 3, 377 дело.

9 **Әміржанова, Н.** Қазақстандағы латын жазуының тарихи тағылымы (1929–1940 жж.) [Текст]. – Алматы, 2012.

10 **Аманжолов, С.** Орыс алфавитіне негізделген қазақтың жаңа алфавиті мен орфографиясы = Новый казахский алфавит и орфография на основе русской графики/проект [Текст]. – Алма-Ата : «Қазақ мемлекеттік саяси әдебиет баспасы», 1940.

11 **Андронов, А. В.** Графическое обозначение фонологических признаков как ориентир при совершенствовании алфавитного письма и свидетельство реальности фонологических категорий [Текст]. Studi Slavistici, 2017. Том 14, Выпуск 1. – https://doi.org/10.13128/Studi_Slavis-21946

12 **Sharipova, K.** The theoretical basis of the scientific and methodological heritage of Akhmet Baitursynov [Текст]. – Ilim, 2021.

13 **Aliszhan, S.** Linguistic heritage of A. Baitursynuly [Текст]. Tiltanym, 2022. – ISBN 9786012989502.

14 **Құрманбайұлы, Ш.** Алаш және терминтану. Монография. [Текст]. -Алматы, «Ел-шежіре» баспасы, 2008. – 238-б.

15 **Васильева, Н. М.** Об орфографической адаптации в якутском языке начальных согласных в русскоязычных заимствованиях [Текст]. //Научный диалог. – 2018. – № 5. – https:/doi.org/10.24224/2227-1295-2018-5-41-48

REFERENCES

1 **Oparina, E. O.** Sososushchestvovanie iazykov v usloviiakh globalizatsii [The coexistence of languages in the context of globalization] [Text]. Sotsialnye i gumanitarnye nauki. Otechestvennaia i zarubezhnaia literatura. Seriia 6: Iazykoznanie, 2020. № 2. – P. 44–50. – [Electronic resource]. – URL: https://www.elibrary.ru/item.asp?id=42854769

2 **Baitursynuly, A.** Tańdamaly shyǵarmalary [Selected works] [Text]. Vol. 3. – Almaty, 2022. – 768 p.

3 **Kondrashkina, E. A.** Problemy vitalnosti iazykov narodov Rossiiskoi Federatsii v proshlom i nastoiashchem [Problems of the vitality of the languages of the peoples of the Russian Federation in the past and present] [Text]. Nauchnyi dialog. – 2020. – № 5. – P. 63–77. – https://doi.org/10.24224/2227-1295-2020-5-63-77

4 **Litnevskaia, E. I.** O iazykovoi norme, pismennoy rechi i problemakh eio kodifikatsii v nachale XXI veka [On the linguistic norm, written speech and the problems of its codification at the beginning of the 21st century] [Text]. Mir russkogo slova. – 2018. – № 1. – [Electronic resource]. – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/o-yazykovoy-norme-pismennoy-rechi-i-problemah-ee-kodifikatsii-v-nachale-xxi-veka

5 **Kostanda, I. O.** Descriptions and prescriptions in the Chinese Wenyan and Baihua codification tradition [Descriptions and Prescriptions in the Chinese Wenyan and Baihua Codification Tradition] [Text]. Skhodoznavstvo. – 2023. – T. 24, № 1. – P. 45–60. – [Electronic resource]. – URL: https://skhodoznavstvo.org.ua/index.php/journal/article/download/280/274

6 **Qurmanbaiuly, Sh.** Qazaq tilin ǵylym tili retinde damytuymyz qajet [We need to develop the Kazakh language as a language of science] [Text]. QazAqparat, 2019. – [Electronic resource]. – URL: https://kaz.inform.kz/news/kazak-tilin-gylym-tili-retinde-damytuymyz-kazhet-sherubay-kurmanbayuly_a3516125

7 **Vasilev, A. D.** Aeroplan «Oktiabrskyi alfavit» [Aeroplane «October alphabet] [Text]. – Astana: «Gylym» baspasy, 2016. – 682 p.

8 Qazaqstan Respublikasy Memlekettik Arkhivi. Qazaq ädebı tiliniń orfografiialaryn ózgertu jobalary [Drafts of spelling changes in the Kazakh literary language] [Text]. 81-qor, 3-tızbe, 377-is.

9 **Ámirjanova, N.** Qazaqstandaǵy latyn jazuynyń tarikhi taǵylymy (1929–1940 jj.) [Historical lessons of Latin writing in Kazakhstan (1929-1940] [Text]. – Almaty, 2012.

10 **Amanjolov, S.** Orys alfavitine negizdelgen qazaqtyń jańa alfaviti men orfografiiasy = Novyi kazakhskii alfavit i orfografiia na osnove russkoi grafiki/joba [New Kazakh alphabet and spelling based on Russian graphics/project] [Text]. – Alma-Ata: «Qazaq memlekettik saiási ädebiet baspasy», 1940.

11 **Andronov, A. V.** Graficheskoe oboznachenie fonologicheskikh priznakov kak orientir pri sovershenstvovanii alfavitnogo pisma i svidetelstvo realnosti fonologicheskikh kategorii /Graphic designation of phonological features as a guideline for improving alphabetic writing and evidence of the reality of phonological categories] [Text]. // Studi Slavistici, 2017. – Vol. 14, Issue 1. – https://doi.org/10.13128/Studi_Slavis-21946

12 **Sharipova, K.** The theoretical basis of the scientific and methodological heritage of Akhmet Baitursynov [Text]. – Ilim, 2021.

13 **Aliszhan, S.** Linguistic heritage of A. Baitursynuly [Text]. – Tiltanym, 2022. – ISBN 978-601-298-950-2.

14 **Qurmanbaiuly, Sh.** Alash jäne termintanu [Alash and term studies] [Text]. Monografiia. – Almaty: «El-shejire» baspasy, 2008. – 238 p.

15 **Vasileva, N. M.** Ob orfograficheskoi adaptatsii v iakutskom iazyke nachalnykh soglasnykh v russkoiazychnykh zaimstvovaniiakh [About orthographic adaptation of initial consonants in Russian-language borrowings in the Yakut language] [Text]. Nauchnyi dialog, 2018. – № 5. https://doi.org/10.24224/2227-1295-2018-5-41-48

01.10.25 ж. баспаға түсті.
13.10.25 ж. түзетулерімен түсті.
21.05.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

**К. С. Калыбаева[1], А. О. Тымбол[2]*
[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Республика Казахстан, г. Алматы;
[2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы.
Поступило в редакцию 01.10.25.
Поступило с исправлениями 13.10.25.
Принято в печать 21.05.26.

КРИЗИС КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА В КАЧЕСТВЕ ЯЗЫКА НАУКИ: АСПЕКТЫ АКТУАЛИЗАЦИИ НАСЛЕДИЯ АХМЕТА БАЙТУРСЫНУЛЫ

В статье анализируется кризис современного казахского языка как языка науки в контексте противоречий, связанных с кодификацией казахской орфографии. В рамках научного дискурса исследуются причины ограниченного функционирования казахского языка, обусловленные историческими, теоретическими и методологическими факторами. Основное внимание уделяется

определению актуальности теории письма Ахмета Байтурсынова, его принципов терминотворчества и модели научного стиля для современной языковой политики и академической коммуникации. Ослабление казахского языка как средства научного общения связывается не с его внутренним потенциалом, а с отклонением от национальной научной модели. Одной из ключевых проблем является нестабильность орфографической системы и отсутствие единых языковых норм. Поскольку мировая научная коммуникация осуществляется преимущественно на английском языке, формирование национального научного языка требует особого методологического подхода. В этой связи в статье рассматривается орфографический и терминологический опыт А. Байтурсынова как методологическая основа, имеющая критическое значение для формирования современного казахского научного языка. Результаты исследования демонстрируют, что обновление принципов Байтурсынова в контексте современных реформ письменности способствует систематизации научных текстов, обеспечению единообразия в национальной терминологической политике и повышению престижа казахского языка как языка науки. Позиция учёного рассматривается как практический и стратегически значимый механизм укрепления научного потенциала национального языка.

Ключевые слова: казахский научный язык, теория письма, орфография, языковая норма, Ахмет Байтурсынулы, национальная терминология, научный дискурс.

**K. S. Kalibayeva[1], A. O. Tymbol[2]*
[1]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty,
Republic of Kazakhstan, Almaty;
[2]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty,
Republic of Kazakhstan, Almaty.
Received 01.10.25.
Received in revised form 13.10.25.
Accepted for publication 21.05.26.

THE CRISIS OF THE KAZAKH LANGUAGE AS A LANGUAGE OF SCIENCE: ASPECTS OF REVITALIZING AKHMET BAITURSYNULY'S EXPERIENCE

The article examines the crisis of the Kazakh language as a language of science in the contemporary period, from the perspective of contradictions inherent in the codification of Kazakh orthography. Within the scientific discourse, the limited use of the Kazakh language is analyzed in connection with historical, theoretical, and methodological factors. The study aims to determine the relevance of Akhmet Baitursynov's theory of writing, his principles of terminological formation, and his model of scientific style for current language policy and academic communication. The weakening of Kazakh as a scientific language is associated not with its internal potential, but with deviations from the national scientific model. One of the principal challenges is the instability of Kazakh orthography and the lack of uniform linguistic norms. Given that global scientific communication is conducted predominantly in English and is largely shaped in that language, the formation of a coherent national scientific language requires a solid methodological foundation. In this context, the article investigates Baitursynov's orthographic and terminological practices, evaluating them as a critical methodological basis for the development of the contemporary scientific language. The findings demonstrate that the revitalization of Baitursynov's principles in accordance with current writing reforms facilitates the systematization of scientific texts, ensures consistency in national terminological policy, and enhances the prestige of Kazakh as a scientific language. The scholar's approach is shown to serve as a practical and strategically significant mechanism for strengthening the scientific potential of the national language.

Keywords: Kazakh scientific language, theory of writing, orthography, linguistic norm, Akhmet Baitursynov, national terminology, scientific discourse.

Теруге 21.05.2026 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2026 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
6,73 МБ RAM
Шартты баспа табағы 49,0. Таралымы 300 дана.
Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: З. С. Искакова
Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4553

Сдано в набор 21.05.2026 г. Подписано в печать 30.06.2026 г.
Электронное издание
6,73 МБ RAM
Усл. печ. л. 49,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: З. С. Искакова
Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4553

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz